

Өміржанов Е.Т.

**Заратуштраның  
саяси-құқықтық көзқарастары  
және олардың Қазақстанның  
саяси-құқықтық ілімінің  
тарихында алатын орны**

Мақалада автор Заратуштра пайғамбардың шығу тегіне байланысты отандық және шет елдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасап, аталған мәселе бойынша өзінің дербес пікірін білдіреді. Заратуштраның бір құдайға табынушылықты насихаттаған алғашқы пайғамбар ретіндегі тұлғасына тоқтала отырып автор оның ұстанымдарындағы саяси-құқықтық идеяларға талдау жасайды. Сонымен қатар, мақалада Авестаның – зороастризмнің қасиетті кітабының зерттелу тарихына қатысты мәліметтерге талдау жасап, ол туралы жазылған зерттеу жұмыстарына да көңіл аударады. Автор Авестаның гаттарында көрініс тапқан Заратуштраның билік, мемлекет жайлы, қоғамды нақты сословиелерге бөліп билеуге қатысты көзқарастарына дербес талдау жасайды. Мақала соңында автор Заратуштраның саяси-құқықтық көзқарастарының Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдер тарихында алатын орны мен роліне қатысты өзіндік пікірін білдіреді.

**Түйін сөздер:** саяси-құқықтық идеялар, Заратуштра, Авеста, гаттар.

Omirezhanov E.T.

**Political and legal views of  
Zoroaster and their importance  
in the history of political and  
legal doctrines of Kazakhstan**

The article devoted to analyzes of the domestic and foreign scientists works about the origin of the prophet Zarathustra and the author offers his own scientific opinion on this matter. Exploring the personality of Zarathustra as the first prophet who spread the idea of monotheism, the author examines his views and political and legal ideas. On this regard, he refers to the data of the history about the study of the Avesta – the holy book of Zoroastrianism, using scientific research on this field. The article deals with the political views of Zarathustra about government, state, social management through its division into certain class of society which are contained in the ghats of Avesta. In conclusion, the author makes a conclusion about the significance and the role of political and legal views of Zoroaster in the history of political and legal doctrines of Kazakhstan.

**Key words:** political and legal ideas, Zoroaster, Avesta, ghats.

Омиржанов Е.Т.

**Политико-правовые взгляды  
Заратуштры и их значение  
в истории политико-правовых  
учений Казахстана**

В работе анализируются работы отечественных и зарубежных ученых о происхождении пророка Заратуштры и предлагаются собственные научные выводы по данной теме. Исследуя личность Заратуштры как первого пророка, распространившего идею единобожия, автор изучает его взгляды и политико-правовые идеи. В этой связи он ссылается на данные об истории исследования Авесты – священной книги зороастризма, используя данные научных исследований по рассматриваемой теме. В статье рассматриваются политические взгляды Заратуштры, связанные с властью, государством, об управлении обществом через разделение его на определенные сословия, которые содержатся в гатах Авесты. В заключение автор делает вывод о значении и роли политико-правовых взглядов Заратуштры в истории политико-правовых учений Казахстана.

**Ключевые слова:** политико-правовые идеи, Заратуштра, Авеста, гаты.

**ЗАРАТУШТРАНЫҢ  
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ  
КӨЗҚАРАСТАРЫ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ІЛІМІНІҢ ТАРИХЫНДА  
АЛАТЫН ОРНЫ**

Соңғы жылдары еліміздің ескі тарихына қатысты көптеген зерттеу жұмыстары қолға алынып, халқымыздың тарихында орын алған ірі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар жайлы тың деректер ғылыми айналымға енгізілуде. Бұл өз кезегінде Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерін зерттеуде ежелгі дәуірдегі тұлғалардың артында қалған мұрасына назар аударудың қажеттілігін алға тартты. Ендігі жерде қазақ халқының арғы тарихындағы ірі тұлғалардың саяси және құқықтық көзқарастарына талдау жасап, олардың мәнін айқындау бойынша жаңа зерттеу жұмыстарын жүргізу қолға алынуда. Осы себептен, Қазақстан аумағында орын алған саяси-құқықтық ой-пікірлердің тарихын халқымыздың арғы тарихында орын алған Заратуштра пайғамбардың саяси-құқықтық көзқарастарын талдаудан бастаған жөн болар деген пікірдеміз.

Заратуштра (кәрі түйелердің егесі) өмірде болған, тарихи тұлға, зороастризм дінінің пайғамбары. Заратуштраның тегі Спитаман. Заратуштраның діни насихаттары мен өсиеттері Авестада орын алған. Авестаны пайғамбардың өмірінің соңына таман шәкірті Жамаспа хатқа түсірген деп болжанады [12, 115 б.]. Ол өзі өмір сүрген кезеңде (б.з.д. VІІ-VІ ғғ.) халық арасында таралған пұтқа табынумен байланысты түрлі діни сенімдерді жоққа шығарып, мейірбан Ахура Мазда құдайына сыйынуды насихаттады. Ахура Мазда (грек тілінде Ормузд) жарық пен ізгілік тәңірісі деп есептеледі. Ахура – жаратушы, Мазда – данышпан деген ұғымды білдіреді. Барлық жаратылыстың, адам өмірінің негізінде Ахура Мазданың күші мен зұлымдық бастауы – Ангра Майньюдың күресі жатады [5, 227 б.]. Зороастризм – араб жаулап алуларына дейін Иран мен Орта Азия аумағында кең таралып, ұзақ уақыт бойы басымдыққа ие болған бір құдайға табынушылықты насихаттайтын алғашқы дін болды. Зороастризм Орта Азия топырағындағы ислам дініне де қарсы шыққан бірден бір рухани күш деп саналады [1, 42 б.]. VІІ-VІІІ ғасырлардағы араб жаулап алуларынан кейін зороастризмді ислам діні халық санасынан біртіндеп ығыстырып шығарды. Қазіргі кезде зороастризм дінін ұстанушы діни топтар көбінесе Үндістанда және Иранда өмір сүреді.

Біздің Заратуштраның саяси және құқықтық көзқарастарын Қазақстандық саяси-құқықтық ілімдер тарихының бір бөлше-

гі ретінде талқылауымыздың басты себебі, оның қазіргі Қазақстан аумағынды дүниеге келіп, өмірінің алғашқы бөлігін осында өткізуі болып отыр. Заратуштра пайғамбар өзі өмір сүрген ортаға әртүрлі себептермен сыйыспай, өз идеяларын өзге елге насихаттауға мәжбүр болған. Дегенмен, Заратуштраның қазіргі Қазақстан аумағында туып-өсіп, жаңа дінді таратумен айналысқанын басшылыққа алсақ, біздің оны Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихының бастауы ретінде қарастыруға толықтай қақымыз бар деп айта аламыз.

Заратуштраның аты әлемге ежелгі дәуірден бастап мәлім болды, шығыстан шыққан алғашқы пайғамбардың өсиеттерін түпнұсқасында оқу көптеген ғалымдардың арманы еді. 1754 жылы 25 жасар француз шығыстанушысы Анкетиль дю Перрон, Оксфордтағы Бодлеан кітапханасында Үндістанда тұратын парсы қауымдастығынан алып келген Авестаның қолжазбасының бірнеше парағын көріп оның мәтінін оқуды армандайды. Өзі кедейленген ақсүйек-ғалым бай қолдаушылардың көмегіне ие бола алмайды. Нәтижесінде ол Ост-Инд компаниясының полкіне қарапайым солдат ретінде тіркеліп 1755 жылы күзде Үндістанға келеді. Үлкен қиындықтардан өтіп ғалым мұсылман жаулап алуларынан қашып Үндістанға қоныс аударған зороастрлық парсы қауымдастығына қосылып, ондағы абыздардың сеніміне кіріп, олардың жетекшілігімен Авестаны оқып, оның бірнеше қолжазбасын алады. 1762 жылы Парижге қайта оралған соң Анкетиль дю Перрон 1771 жылы өзінің Авестаға жасаған аудармасын үш томдық етіп басып шығарады. Кітап «Зенд-Авеста, Заратуштраның шығармалары... француз тіліне зенд түпнұсқасындағы ескертпелерімен аударылған...» деп аталды. Зенд – Авестаның орта парсы тіліндегі ескертпелері бар аудармасы болғандықтан кітап үлкен сынға ұшырайды. Себебі, онда көбінесе әртүрлі ұсақ жоралғылық ережелер мен европалықтар үшін қарадүрсін әдет-ғұрыптар орын алған еді. Кітап көпшілік оқымыстылар тарапынан мистификация және жалған нәрсе ретінде бағаланды. Анкетиль дю Перрон 1805 жылы кедейшілікте Парижде қайтыс болады. Тек 1826 жылы дат лингвист-индоевропеисті Расмус Раск «Зенд-Авестаның түпнұсқалығы және тілінің ескілігі туралы» атты мақала жариялап Авестаның тілінің түпнұсқа екендігін және ежелгі үнді тілімен жақындығын дәлелдеді.

Қазіргі дейін әлемнің көптеген ғалымдары Заратуштра мен оның іліміне арнап мындаған

ғылыми зерттеулерді, монографиялар мен ғылыми мақалаларды жариялады. Ал неміс ойшылы Фридрих Ницше «Заратуштра солай деді. Барлығы үшін және ешкімге арналмаған кітап» деген еңбегі арқылы Заратуштраны әлемге насихаттап, оған деген қызығушылықты арттырған еді. Көптеген ағылшын, неміс, француз, орыс тілдерінде жарияланған еңбектерді қазақ тіліне аудару алдағы уақыттың еншісінде. Тәуелсіздік жылдары еліміздің ғалымдары Заратуштраға көңіл бөліп, оның қазақ даласынан шыққан кеңегер екендігін алға тартып, әртүрлі мақалалар жариялап жүр. Кеңестік кезеңде жарық көрген саяси және құқықтық ілімдер бойынша оқулықтарда да, қазіргі ресейлік оқулықтарда да Авеста мен Заратуштра пайғамбарға көңіл аударылмай келді. Соңғы жылдары ғана бұл тақырыпқа кейбір ғалымдар көңіл бөле бастады, соның бірі ресейлік профессор В.Г. Графский өзінің оқулығында Заратуштраға аздап, үстірт тоқталып өтіпті. Адамзат ақыл-ойының үздік туындысы болып табылатын Авеста мен Заратуштраның көзқарастары алдағы уақыттарда еліміз бен өзге де түркі тілдес елдерде кеңінен насихатталады деген үміттеміз. Біз де өз кезегімізде Заратуштра пайғамбардың саяси-құқықтық көзқарастарын талдауға талпынып көруді ұйғардық.

Заратуштра Сырдариялық сақ-массагет тайпасынан шыққан, бастапқы кезде ол өз дінін сақ тайпаларына таратпақшы болады, алғашында сақтардың Фриан руы зороастризмді қабылдайды. Бірақ, кейіннен оның дін тарату ісі сақтардың арасында қарсылық тудырып, Заратуштра өз елін тастап кетуге мәжбүр болады. Ғалымдар оның идеяларының сақтар арасында қолдауға ие болмауына сақтардың ұстанған өмір салтына жаңа діннің мүлде қарама-қайшы ұстанымда болуы себеп деп болжайды. Зороастризм құдай мен адам арасындағы қатынасты жаңа тұрғыдан түсіндірді, құдай болмысын жаңаша сипаттады. Заратуштра өз ілімін таратуда екі үлкен мақсатты көздеді, ең алдымен ол жаңа діни сенімді насихаттаса, екіншіден, шаруашылық реформа жүргізуді мақсат етті. Сақтар көшпелі өмір салтын ұстанған, жауынгер халық болды және сақтар үшін мал жауынгерлік табыс болып саналып, қолға түскен мал ішіп-жемге айналды. Тіпті адамды жерлеу рәсмінде де малды қоса жерлеу орын алып отырды. Ал Заратуштра таратқан ілім малға қамқорлық көрсетуді, оны жаудан қорғауды басты мақсат ретінде айқындады. Тарихта болған барлық ұлы пайғамбарлардың ішінде Заратуштра ең

жерге жақыны болды, ол шаруаға қамқорлық, қажеттіліктер мен армандардан тұратын материалдық әлеммен тығыз байланыста болды [2, 63 б.]. Заратуштра өзіне дейін кең таралған табиғи құбылыстарға табынушылыққа қарсы реформа жүргізді. Ол жеке адамның діни санасын тазартқысы келетіндігін ашық мәлімдеді. Заратуштра өзіне дейінгі кездері халық арасында қолданыста болған дэвяснаға қарсы шығып, өзінің маздаяснаны ұстанушы екендігін мәлімдеді [7, 254 б.]. Бітпейтін соғыстар мен қақтығыстар, бейкам тіршілік етуге мүмкіндік бермейтін, үнемі үрейде өмір сүрумен байланысты сақ тұрмысына және ескіден келе жатқан наным-сенімдерге қарсы шыққан Заратуштра іліміне елдегі дінбасылар үлкен қарсылық көрсетті, қысымға ұшыраған пайғамбар елден кетуге мәжбүр болады. Заратуштра өз ілімінің ақиқат екендігіне, Ахура Мазданың мейірімді құдай екендігіне шәк келтірген жоқ, өзі қуғынға ұшыраған кезде ол құдайға мадақ айтуын жалғастырды.

Түп бастаудан сені ғана таныдым.  
Жақсылыққа жақсылық  
Жамандыққа жамандық бір сенен ғана.  
Сен менен «сен кімсің?», «сен кіммен біргесің?» –

деп сұрасаң

«Мен Заратуштра, әділдік іздеуші,  
Өтіріктің қасымын, сені ғана мадақтаймын», –

дедім [3, 213 б.].

Өз руластарынан қолдау таппаған Заратуштра Ахеменид патшасы Бірінші Дарийдің әкесі Виштаспаның қарамағына келеді. Зороастризмнің бағдарламасы Ахеменид мемлекетінің мүддесіне сәйкес келгендіктен ол осы елдің ресми дініне айналды. Заратуштра Виштаспа дінді қабылдағаннан кейін отыз бес жылдан соң 77 жасында қайтыс болады, оны жаңа дінге қарсы абыз Братрок-реш Тур ғибадат үстінде өлтірді [3, 223 б.].

Авеста – зороастризмнің қасиетті кітабы, Сасанидтер кезінде Авеста 21 кітаптан тұрған екен, бірақ, бізге дейін біртұтас күйінде жеткені тек бір кітап. Авестаның мәтінін екіге бөліп қарастырады, оның бір бөлігі Заратуштра заманында жазылса, екінші бөлігі б.з.д. ІҮ-ІІІ ғасырларда зороастрилік абыздармен жазылған деп саналады. Авестаның жазылу тілі ежелгі парсы және санскрит тілдеріне жақын. Бізге дейін Авестаның келесі бөліктері жетті: Ясна (оның құрамына Гаттар кіреді), Висперед, Видевдат және Яшт. Гаттар Авестаның ең ежел-

гі бөлігі болып табылады, оларды Заратуштра Спитаmanın өзі жазған. Гаттарды алғашқы кезде абыздар жаттап алып, олар халық арасында тек ауызша таралған, кейіннен гаттар жазылады. Гаттарды Заратуштраның өзі жазған, егер оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе, оларды пайғамбардың жақын шәкірттері жасады деп топшылауға болады [6, 31 б.]. Гаттардың жазылу стилі оларды талантты ақын жазғанынан хабар береді, оған қарап Заратуштраның өз заманының білгірі, оқымысты, философ болғанын аңғарамыз. Заратуштраның Гаттарының (жырлар, жырлау) саны 17, барлығы 900 жолдан тұрады және Яснаның (табыну, сыйыну) құрамына кіреді. Ғалымдар Гаттар жазылған мәтіндердің үштен бірін оқи алды, ал қалғандары әлі түсіндірілген жоқ. Яснада Гаттардың бес топтамасы бар. Гаттар бірнеше бөлімнен тұрады және әрқайсысының өзгеше атауы бар. Гаттардың әрбір гимні Яснаның жеке бөлімінде берілген. Яснаның мәтініндегі Гатта гимндердің мазмұны мен көлемі жағынан бір-бірімен байланысты бес топқа бөлінуі негізге алынады. Алғашқы гат осындай стильде жазылған Ахуна Ваирья дұғасына сәйкес аталған, қалған төрт топ сәйкес гимндер топтамасының алғашқы сөзімен аталған. Осы бес топтағы 1) Ахунаваити Гата – 7 гимннен, 2) Уштаваити Гата – 4 гимннен, 3) Спента Маинью Гата – 4 гимннен, 4) Вохушатра Гата – 1 гимннен, 5) Вахиштоишти Гата – 1 гимннен тұрады. Гимндер жинағының ортаңғы бөлігіне Ясна Хаптангхаити – «алғашқы жеті бөлімге құрмет» орналастырылған, ол архиакалық тілі жағынан Гаттарға ұқсайды, бірақ, онда пайғамбардың сөздері кездеспейді.

Гаттардан өзге Яснада 72 бөлім бар, олар әртүрлі діни рәсімдер кезінде айтылатын сыйыну жырларынан тұрады. Висперед Яснаға қосымша ретінде 24 бөлімнен тұрады, ондағы жырлар әртүрлі мерекелер кезінде және жеке-леген құдайларға арналып айтылады. Видевдат Авестаның бізге толық күйінде жеткен бөлігі. Видевдатта абыздардың ритуалдық тазару ережелері айтылады. Видевдаттың алғашқы екі бөлімінде Ахура Мазданың ирандық мемлекеттерді жаратуы және алғашқы ирандық патша Йим жайлы айтылады. Авестаның соңғы бөлігі Яшт әртүрлі құдайлар мен Заратуштраға дейінгі кезеңдерде ирандықтар табынған мифтік тұлғаларға арналған гимндерден тұрады. Авестада барлығы 21 яшт бар, олардың көлемі, жазылу стилі және уақыты әртүрлі. Біздің мақсатымыз Заратуштраның саяси-құқықтық көзқарастарына талдау жасау болғандықтан

біз негізінен Гаттардың мазмұнына баса назар аударатын боламыз.

Зороастризм дуалистік сипаттағы ілім, онда екі бастау үстемдік етеді: өмір мен өлім, жарық пен қараңғы, жақсылық пен жамандық және т.б. Заратуштра іліміне сәйкес, жақсылық пен жамандықты дұрыс және ерікті түрде таңдауды сенуші тек өзінің ғана игілігі үшін емес, бүкіл әлемнің тағдырын шешу үшін жасауы тиіс [4, 9 б.]. Авеста бойынша әлемде қарама-қарсы бастаулардың мәңгілік күресі жүріп жатыр. Оған сәйкес, физикалық әлемде қараңғы мен жарық, табиғатта өмір мен өлім, рухани әлемде жақсылық пен жамандық, қоғамда заңдылық пен заңсыздық, дінде Ахура Мазда мен Ангра Майнью арасындағы бітпейтін күрес жалғаса береді. Заратуштра адамдарға осы өмірден кейін келесі өмірдің болатындығын, осы өмірде жақсы істерге жақын болғандар келесі өмірде жақсылыққа кенелетіндігін жеткізді. Заратуштраның айтуынша, болмыстың бастауында тұрған мейірімді рух зұлым рухқа айтты: «біздің ойларымыз да, іліміміз де, еркіміз де, көзқарасымыз да, сөздеріміз бен ісіміз де, сеніміміз де, рухымыз да сәйкес келмейді». Алғашында екі рух екі егіздей болып жаралды, олардың ойлары да, сөздері де, істері де мейірімді немесе жаман еді. Алғаш рет екі рух кездескен кезде бір жағынан өмірді, екінші жағынан өмірдің жойылуын орнықтырды. Екі рухтың бірі Дружда зұлымдықты таңдады, ал Арта болса жақсылықты, ізгі істерімен Ахурамаздаға табынушыларды таңдады. Ақырзаман болғанда друждашыларға ең жаман жағдайдағы тірлік, ал арташылардың соңынан ергендерге жақсылық бұйырады. Келесі өмірде әркім өзіне тиесіліні алады, Дружданы таңдағандар жалындаған өрт пен қызған металдың сынағынан өтеді, ал Артаға ергендер жарық патшалығына енеді [10, 63 б.].

Авеста бойынша адамзат тарихы үш кезеңге бөлінеді: бірінші кезең – «Туындау», Ахура Мазда жасады, ал Анхра-Манью барлығын құртты. Екінші кезең – қазіргі кезде біз өмір сүріп жатқан уақыт – «Араласу», мұнда жақсылық пен жамандық араласып кетеді. Үшінші кезең – «Бөліну», осы кезеңнің соңында әлем жаңарып, өлгендер қайта тіріледі. Оған Заратуштраның ұлдары, үш құтқарушы-саошьят әсерін тигізеді.

Заратуштра өзі өмір сүрген ортадағы ең маңызды мәселелерге назар аударып, олар жайлы гаттарда арнайы тоқталған болатын. Ең алдымен Заратуштра жер бетіндегі мейірімді билік туралы, яғни, адамдар мен малдарды зорлық-зомбылық пен жойылудан қорғайтын

билік туралы ойлады. Заратуштра билікті даралап, құдайға теңестірді, бірақ, ол айқын, жердегі әлеуметтік-саяси мазмұнын жоғалтқан жоқ. Күшті билік жер бетіндегі бейбіт өмірге қарсы Дружданы жеңу үшін қажет. Мейірімді билік малдарға ең қолайлы жағдай жасайды. Заратуштра малдардың өздеріне тыныш өмір сүруге мүмкіндік бермей жиі шабуылдайтын қарапандардан қорғау үшін өзіне қарумен көмек беретін мықты билеушіні қалайтындығын айтты [10, 62 б.]. Бақуатты өмір мен бейбітшілік биліксіз мүмкін емес. Мейірімді билік жауларды жойып, оларға өлім әкеледі, ал бақытты елді мекендерге бейбітшілік сыйлайды. Билік қанау мен күш көрсету үшін емес, керісінше, шыншыл адамға жақсы өмір сыйлау үшін қажет [2, 63 б.].

Қоғамның өмір сүруіне қажет өндірістік қарым-қатынастар жайлы Заратуштра дербес пікірде болды. Ол халықтың жер өңдеумен және мал шаруашылығымен айналысуын қолдады. Пайғамбар барлық үй жануарларына қамқор болды. Ол бос жатқан жерлерді өңдеуді және жер бөліктерін әділ түрде бөлуді ең бірінші орынға қойды. Содан кейін сусыз жерді суландырып, батпақты жерді құрғату, жерге дән, шөп және ағаш егу жайлы өсиет айтты. Видевдатта өңделмеген суармалы жердің күйеуге шығып, бала сүймей отырып қалған әдемі қыз сияқты екендігі, ал осы жерді өңдеген адамның өнімді көп алатыны айтылады [11, 89 б.]. Аталған өсиеттердің барлығы адамдардың дұрыс тамақтануына келіп тіреледі. Егер адамдар дұрыс тамақтанбаса олардың жақсы, мықты жұмыскерлері де, дені сау, күшті балалары да болмайды. Жақсы тамақтанбау физикалық және ақыл-ой жұмысының жемісті болуына жол бермейді. Дұрыс тамақтанбаудан адамдардың адамгершілік сипатына да зиян келеді. Халықтың қарны тоқ болса, олардың бойындағы адамгершілік қасиеттер де артады [6, 88 б.].

Өз сеніміне кірген адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу үшін Заратуштра арнайы ант беру рәсімін енгізді. Осы арқылы адамдардың жаман істерден бас тартып, зараоастризм діні талаптарына сай өмір сүруге мойын ұсынуы жүзеге асырылды. Дінге мойын бұрған адам болашақта үш түрлі істі жүзеге асыруға ант берді, олар: жақсы ой ойлау, жақсы сөз сөйлеу, жақсы іс істеу. Маздаға ант беруші бұрын өзі істеген жаман істерден бас тартты, ендігі жерде ол әскери жорықтарға қатыспай, қаруын орнына қойып, өз дініндегілермен некеге тұруға уәде берді [10, 64 б.].

Ежелгі мемлекеттердің барлығына тән адамдарды сословиеге бөлу арқылы билеу тәсілін Заратуштра да қолдады. Ол қоғамды төрт сословиеге бөлді, олар абыздар, жауынгерлер, малшылар және қолөнершілер болды. Зороастрлық қоғамға рухани билік жүргізетін діни көсем (абыз) – Ратудың да төрт түрі болды: рулық рату, тайпалық рату, мемлекеттік рату және төртіншісі Заратуштраның өзі еді [10, 64 б.].

Ерекше атап өтерлік жайт Заратуштра пайғамбардың өз өсиеттері мен нақылдары арқылы халықты жаман әдеттерден сақтандырып қана қоймай, кей жағдайларда оларды жазалауды да қолдағандығы. Мысалы, жер туралы, ит туралы Видевдаттың арнайы бөлімдерінде жерге қатысты немесе итке қатысты қате әрекет жасаушыларға нақты жаза түрлері айқындалған. Әрине, Видевдаттың б.з.д. 1 ғасыр мен б.з. 1 ғасыр аралығында жазылғандығын басшылыққа алсақ, оның Заратуштраның өмір сүрген дәуірінен алшақ жатқанын түсінеміз. Дегенмен, Заратуштраның әртүрлі мәселелер бойынша айтқан нақылдары мен өсиеттері Ви-

деватқа негіз болмады деп те ешкім тұжырым жасай алмасы анық. Бұдан біз Авестаның тек діни кітап емес, қоғамдық қатынастарды реттеуде кеңінен пайдаланылған құқықтық кесімдер жинағы қызметін де атқарғанын көре аламыз. Ал Заратуштра болса қоғамдық қатынастарды тек уағыздар мен нақылдар, өсиеттер арқылы ретке келтіре алмайтындығын түсінгендіктен діни нормаларға құқықтық сипат беруге тырысқан деп топшылауға болады.

Заратуштраның саяси-құқықтық көзқарастарынан оның өз кезеңіндегі мемлекетті басқару ісіне қатысты дербес пікірі бар, ел басқаруда моральдық және адамгершілік қағидалардың басты орында болуын жақтаушы тұлға болғанын көреміз. Жалпы алғанда, Заратуштраның саяси-құқықтық көзқарастары Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің бастауы болып табылатын, әлі күнге мәнін жоғалтпаған құнды дүние болып табылады. Сондықтан, алдағы уақыттарда Авестада көрініс тапқан Заратуштра пайғамбардың саяси-құқықтық идеяларын талдап, зерттеу жүргізу уақыт еншісінде.

#### Әдебиеттер

- 1 Ақатаев С. Зороастризм қайда пайда болды? // Білім және еңбек. №9, 1985. – 42-43 бб.
- 2 Абаев В.И. Избранные труды. Религия, фольклор, литература. – Владикавказ: Ир, 1990 – 640 с.
- 3 Ежелгі көпенділер дүниетанымы. Жиырма томдық: I том. Заратуштрадан кейін. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
- 4 Стеблин-Каменский И. Авеста. Избранные гимны из Видевдата. – М.: КРАМДС-Ахмед Яссови, 1993. – 207 с.
- 5 Байқошқарұлы Б. Авестадан Алашка дейін: тарихи-танымдық зерттеулер. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2007. – 352 б.
- 6 Маколевский А.О. Авеста. – Баку: Издательство Академии наук Азербайджанской ССР, 1960. – 144 с.
- 7 Лелеков Л.А. Авеста в современной науке. – М., 1992 – 363 с.
- 8 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық. 3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.д. 1-мыңжылдық – ХУ ғ. соңы). – Алматы, 2007 – 480 б.
- 9 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алматы: Наука, 1984. – 176 с.
- 10 Коростовцев М.А. и другие. Хрестоматия по истории Древнего Востока: учебное пособие. Часть 2. – М.: Высшая школа, 1980. – 256 с.
- 11 Рака И.В. Авеста в русских переводах (1861-1996). – СПб.: Журнал «Нева», 1997. – 480 с.
- 12 Графский В.Г. История политических и правовых учений: учебник. – М.: Норма, 2009. – 736 с.

#### References

- 1 Akataev S. Zoroastrizm kajda pajda boldy? // Bilim zhane enbek. №9, 1985. – 42-43 bb.
- 2 Abaev V.I. Izbrannye trudy. Religija, fol'klor, literatura. – Vladikavkaz: Ir, 1990 – 640 s.
- 3 Ezhelgi kopendiler dunietanymy. Zhiyrma tomdyk: I tom. Zaratushttradan kejin. – Astana: Audarma, 2005. – 496 b.
- 4 Steblin-Kamenskij I. Avesta. Izbrannye gimny iz Videvdata. – M.: KRAMDS-Ahmed Jassovi, 1993. – 207 s.
- 5 Bajkoshkaruly B. Avestadan Alashka dejin: tarihi-tanymdyk zertteuler. – Almaty: Nurly Alem, 2007. – 352 b.
- 6 Makolevskij A.O. Avesta. – Baku: Izdatel'stvo Akademii nauk Azerbajdzhanskoj SSR, 1960. – 144 s.
- 7 Lelekov L.A. Avesta v sovremennoj nauke. – M., 1992 – 363 s.
- 8 Kazaktyn talimdik ojar antologijasy. On tomdyk. 3-tom: Kone zhazba muralar tagylymy (b.z.d. 1-mynzhlydyk – HY g. sony). – Almaty, 2007 – 480 b.
- 9 Akishev A.K. Iskusstvo i mifologija sakov. – Almaty: Nauka, 1984. – 176 s.
- 10 Korostovcev M.A. i drugie. Hrestomatija po istorii Drevnego Vostoka: uchebnoe posobie. Chast' 2. – M.: Vysshaja shkola, 1980. – 256 s.
- 11 Raka I.V. Avesta v russkikh perevodah (1861-1996). – SPb.: Zhurnal «Neva», 1997. – 480 s.
- 12 Grafskij V.G. Istoriya politicheskikh i pravovyh uchenij: uchebnik. – M.: Norma, 2009. – 736 s.